

«Тексерілді»
«№23 «Толатай» бөбекжайы»
жедел басқару құқығындағы
МКҚК әдіскері
 К.Е.Берниязова

Ұйымдастырылған ашық іс-әрекет
Тақырыбы: «Қазақтың ұлттық ойындары»



Дайындаған: Сақтаганова А.

2025 жыл

Тақырыбы: Қазақтың ұлттық ойындары

Мақсаты: Балалардың денсаулығын шынықтыра отырып, қимыл әрекеттерін жетілдіру. Ұлттық, тұрмыс, салт — дәстүрі туралы әсерлерін толықтыру. Ұрпақтан — ұрпаққа жалғастыру мақсатында қазақ халқының тіршілік әрекетіне байланысты ұлттық ойындарды ойнауға үйрету. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа, төзімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ұжым мақсат әрекетіне дағдысын, назар ықыласын дамыту. Бір — біріне деген құрмет, жануға деген ұмтылысты дамыту. Ой — өрісін, жадын дамытып, әрекет үйлесімін жетілдіру. Зал іші мерекеге сай безендірілген. Үйдің ішінде атай мен әжей отыр.

Атай:

- Бүгін бізге немерелеріміз келеміз деп еді. Қане, әжесі балаларға тәттілерінді дайындап қой.

Музыка әуенімен ұлттық киім киген балалар келеді.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме?! Біздерде бүгін ерекше күн. Біздер бүгін көңілді күнімізді Мадеш ата мен Алма әжейдің ауылында өткіземіз.

Балалар, атамыз бен әжемізге арнаған тақпақтарымызды айтайықшы. Қане, кімдер тақпақ айтқысы келеді.

Ата мен әже үй ішіндегі заттар туралы балаларға түсінік береді. Домбыра, қамшы, сандық, қамшы туралы айтады.

Жүргізуші: - Ата, біздің балаларымыз қамшы туралы жақсы біледі. Тіпті ұлдарымыз сіздерге қамшымен «Батырлар» биін билеп береді.

«Батырлар» биі.

Ата: - Балалар, сендер қазақтың ұлттық ойындары туралы білесіңдер ме?

Балалар: - Иә, білеміз.

Жүргізуші: - Қане, балалар, ұлттық ойындарды атайықшы.

«Ақсерек, көксерек», «Кетті, кетті орамал», «Арқан тартыс», «Асау мәстек», «Тақия тастамақ», «Бәйге» деп балалар жауап береді. Ата: - Жарайсыңдар, балалар! Ұлттық ойынның түрлерін көп біледі екенсіңдер. Ал сол ойындарды ойнап білеміз бе?

Соқыр теке.

Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады.

Балалар:

Соқыртеке бақ - бақ,

Біз айтамыз тақпақ,

Мықты болсаң кәнекей

Бірімізді тап - тап.

Соқыртеке:

Мен текемін бақ - бақ,

Қимылдаңдар сақ - сақ,

Ал ұстадым мінекей

Шығып кетті - ау қап - қап.

Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «Соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді.

Әуен ойналып ішке Алдар көсе келеді.

Алдар көсе балалармен амандасады.

Алдар көсе: - Балалар, сендер не ойнап жатырсыңдар?

Балалар:- Ұлттық ойындар,- деп жауап береді.

Алдар көсе: - Жарайды, балалар! Олай болса сендер, «Арқан тарту» ойынын білесіңдер ме? ойнатады.

Арқан тарту.

Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып келсе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.

Жүргізуші: - Алдар көсе, сен біздің балалармен бірге көңіліңді көтер. Балалармен ойын ойнап, ән салып бірге бол.

Өлең: «Жақсы көрем».

Жүргізуші: - Біздің қыздарымызда ойындарды өте жақсы ойнайды.

Сақина салу

Ойынға қатысушылар шеңбер бойынша қатарға отырады. Алақандарын бір - біріне қысып, колдарын алдында, тізе үстінде ұстайды. Жүргізуші шеңбер ортасында тұрып, өз алақандар арасында сақинаны салып, өз алақандарымен сақинаны олардың алақандарын ашып салған сияқты боп, солай бүкіл қатысушыларды өтеді. Сақинаны біреуге салып, ол бірнеше қадамға артқа қарай кетіп:

«Сақинам менің жоғалды,

Жоғалғанда кім алды?

Бір, екі, үш

Сақинам менің үш!», - дейді. Сол уақытта қолына сақина түскен қыз бала ортаға жүгіріп шығуы керек. Екі жанында тұрған көршісі байқаса ұстап қалуы керек. Ұстап қалған қыз бала ойынды әрі қарай жалғастыра береді.

Алдар көсе: - Ой, қандай тамаша ойын болды!

Менімен тағы да ойын ойнағыларың келе ме?

«Тенге алу» ойыны ойналады.

Алдар көсе: - Рахмет, балалар, сендерге! Менің көңілім көтеріліп қалды.

Ата: - Қандай білімді, шапшаң балаларсыңдар! Әрқашан дендерің сау болсын!

Әже: - Балалар келіп біздің көңілімізді көтеріп салды. Ұлттық ойындарды өте жақсы ойнайды екенсіңдер. Ақылды, білімді балалар екенсіңдер. Бұл менің тәттілерім.

Балаларға тәтті кәмпиттер береді.

Жүргізуші:

Ұрпақ керек ертеңгі алда,

Болашақты болжайтын.

Дені таза, тәні таза, Ұлтын, салтын қорғайтын.

Балалар әуенмен залдан шығып кетеді.

